

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

---

Бағалы қағаздардың биржалық  
сауда-саттық Ережелерінің

**L2 қосымшасы**

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкімен

2014 жылдың 10 сәуірінде

**келісілді**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Биржалық кеңесі шешімімен

(2014 жылдың 11 наурызындағы  
№ 12 хаттама)

**келісілді**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі  
Төрағасының орынбасары

2014 жылдың 18 сәуірінен бастап

**қолданысқа енгізілді**

К.Б. ҚОЖАХМЕТОВ

## Бағалы қағаздарды "Бейлистингілік бағалы қағаздар" секторында айналысқа жіберу **ЕРЕЖЕЛЕРІ**

---

---

Алматы қ.

2014

## **ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ**

### **1. № 1 өзгертулер:**

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкімен 2015 жылдың 26 маусымында келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2015 жылдың 10 маусымындағы № 13 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2015 жылдың 15 шілдесінен бастап қолданыға енгізілді.

Осы Ережелер "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) "Бағалы қағаздардың биржалық сауда-саттық ережелері"<sup>1</sup> атты ішкі құжатына сәйкес әзірленіп, Биржа мүшелеріне бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында, негізгі мақсаты Биржаның ресми тізіміне енгізілмеген бағалы қағаздармен мәмілелер жасауға мүмкіншілік беру болып табылатын, Биржа сауда-саттығының "Бейлистингілік бағалы қағаздар"<sup>2</sup> секторында беймемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды айналысқа жіберу рұқсаттамасының (Биржадағы айналысының) шарттары мен тәртібін анықтайды.

1. Осы Ережелерде Қазақстан Республикасы заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында анықталған ұғымдар қолданылған.
2. Осы Ережелердің мақсаттары үшін:
  - 1) бейлистингілік бағалы қағаздар деп, Биржаның ресми тізіміне енгізілмеген, беймемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды түсіну керек;
  - 2) бағалы қағаздардың рұқсаттамасы деп, бағалы қағаздарды "Бейлистингілік бағалы қағаздар" секторында айналысқа жіберу түсіну керек.
3. Биржада айналысқа кез келген тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарған, бейлистингілік бағалы қағаздары жіберілуі мүмкін (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2015 жылдың 10 маусымындағы шешімімен өзгертілген*).
4. Биржаның "Бейлистингілік бағалы қағаздар" секторында айналысқа жіберуді рұқсат ету бастамашысы болып тек, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және/немесе дилерлік қызметтерді жүзеге асыруға лицензиясы бар (клиенттердің шоттарын номиналды ұстаушы ретінде жүргізу құқығымен), "қор" санаты бойынша Биржа мүшесі ғана құқылы (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2015 жылдың 10 маусымындағы шешімімен өзгертілген*).
5. Бейлистингілік бағалы қағаздар Биржадағы айналысқа Биржа Басқармасының шешімімен рұқсат етіледі.
6. Бейлистингілік бағалы қағаздардың Биржадағы айналысқа жіберілген үшін Биржа ешқандай алымдар алмайды.
7. Биржа Басқармасы қандай да бір атаудағы бейлистингілік бағалы қағаздарды айналысқа жіберуді рұқсат ету туралы шешімді мынадай шарттармен қабылдайды:
  - 1) осы атаудағы бағалы қағаздардың азаматтық құқық нысаны болуы;
  - 2) осы бағалы қағаздардың халықаралық немесе ұлттық бірегей идентификациялық нөмірінің бар болуы;
  - 3) осы атаудағы бағалы қағаздардың Қазақстан Республикасының бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында еркін айналысына кедергі болатындай, заңнамалық немесе басқа да мүмкін болатын тыйымдар мен шектеулердің болмауы;
8. Қандай да бір атаудағы бейлистингілік бағалы қағаздарды Биржада айналысқа жіберу туралы мәселесін Биржа Басқармасы қарауы үшін осы атаудағы бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашысы Биржаға мынадай құжаттарды (осы Ережелердің 9-10 тармақтарында белгіленген, ерекшеліктерді ескеріп) ұсынуы тиіс:
  - 1) осы Ережелердің 9 тармағының талаптарына сәйкес, еркін түрде құрастырылған рұқсат ету бастамашысының өтініші;
  - 2) осы бағалы қағаздардың азаматтық құқық объектісі есебінде болу фактін растайтын құжаттың (осы бағалы қағаздардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өту туралы куәлігі немесе мағынасы айтылмыш мемлекеттік тіркеу туралы куәлікке ұқсас, басқа да құжаттың) көшірмесі;

---

<sup>1</sup> "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ "К", "Р", "Н" санаттарындағы мүшелерінің жалпы жиналысымен бекітілді (1999 жылдың 14 қазанындағы № 7 хаттама).

<sup>2</sup> Биржа тізімінің "Бейлистингілік бағалы қағаздар".

- 3) осы бағалы қағаздарға ұлттық сәйкестендіру нөмір (ҰСН) және/немесе халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN) берілуі туралы (егер осындай құжат болып аталмыш бағалы қағаздардың азаматтық құқық объекті есебінде болу фактіні растайтын құжат болмаса) куәліктің.
9. Қандай да бір атаудағы бейлистингілік бағалы қағаздарды рұқсат ету туралы өтініш еркін түрде жазылып, мынадай талаптарға сай болуы тиіс.
  - 1) Биржаға бірмағыналы сәйкестендіруге мүмкіндік беретіндей, осы атаудағы бағалы қағаздар туралы мәліметтердің болуы тиіс;
  - 2) осы атаудағы бағалы қағаздардың, соның ішінде олардың шығарылымы құрылымының негізгі сипаттамалары болуы тиіс;
  - 3) осы атаудағы бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашысының осы атаудағы бағалы қағаздардың Қазақстан Республикасы бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында еркін айналыста болуына кедергі болатындай, заңнамалық және басқа да мүмкін болатын тыйымдар мен шектеулері жоқтығы туралы растамасы болуы тиіс;
  - 4) Биржадағы қолтаңбалардың үлгілері көрсетілген (нотариуспен расталған) құжатқа (мысалы, карточка) сәйкес, осы атаудағы бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашысының атынан бірінші қол қоюға құқылы тұлғаның қолы қойылып, осы рұқсаттама бастамашысының мөрі басылуы тиіс.
10. Биржа Басқармасының қандай да бір атаудағы бейлистингілік бағалы қағаздарды Биржада айналысқа жіберу туралы шешімді тиісті түрде дайындау үшін осы бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашысы Биржаға (осы Ережелердің 8 тармағында белгіленген құжаттардан басқа) осы атаудағы бағалы қағаздардың шығарылым аңдатпасының немесе мағынасы бойынша осыға ұқсас құжаттың көшірмесін ұсынуы тиіс.
11. Қандай да бір атаудағы бейлистингілік бағалы қағаздарды Биржада айналысқа рұқсат ету туралы өтінішті Биржа, осы Ережелердің 8 тармағында белгіленген құжаттардың соңғысын алған күннен бастап бес жұмыс күн аралығында қарайды. Белгіленген мерзім аяқталғанда Биржа Басқармасы осы атаудағы бағалы қағаздарды Биржада айналысқа жіберуге рұқсаттама беру туралы шешім қабылдайды немесе Биржа осы атаудағы бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашысына уәжделген рұқсаттама беруден бас тартуымен хат жолдайды.
12. Биржа, осы Ережелердің 7-9 тармақтарында белгіленген талаптардың бірі орындалмаған жағдайда, қандай да бір атаудағы бағалы қағаздарды Биржада айналысқа жіберуге рұқсаттама беруден бас тартады.

Биржада айналысқа жіберуге тұспалданған, қандай да бір атаудағы бейлистингілік бағалы қағаздарды осы Ережелердің 7 тармағында белгіленген шарттарды орындауды тексергенде, Биржа қолында бар барлық ақпараттарды (соның ішінде Биржаға қолжетімді мемлекеттік органдардың ақпаратын) пайдаланады, бірақ осы шарттардың анықталмаған орындауларына және, осындай орындаушылықтан туындайтын, салдарға жауапты болмайды.
13. Биржа Басқармасы қандай да бір атаудағы бейлистингілік бағалы қағаздардың Биржада айналысын мынадай жағдайларда уақытша тоқтату туралы шешім қабылдауға құқылы:
  - 1) осы атаудағы бағалы қағаздардың Қазақстан Республикасының бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналыста болуын заңнамалық немесе басқа да мүмкін болатын тыйымдар мен шектеулерге байланысты уақытша тоқтатылуы;
  - 2) Биржа осы атаудағы бағалы қағаздарға қатысты, осы Ережелердің 7 тармағында анықталған, шарттарды орындамау белгілерін анықтауы.
14. Биржада айналысқа жіберу рұқсат етілген қандай да бір атаудағы бейлистингілік бағалы қағаздар, осындай айналысқа жіберілгендер санынан Биржа Басқармасының шешімісіз, сауда-саттық жүйесінің тиісті баптауларын орнату арқылы, мынадай негіздердің кез келгені туындаған жағдайда, алып тасталады:
  - 1) Биржа өткізетін сауда-саттықтарда осы атаудағы бағалы қағаздармен қатарынан 90 күнтізбелік күн бойы мәмілелер жасалмаса;

- 2) (осы атаудағы бағалы қағаздар борыштық бағалы қағаздар болып табылса) осы атаудағы бағалы қағаздардың айналыста болу мерзімі аяқталса.
15. Қандай да бір атаудағы бағалы қағаздарға қатысты, осы Ережелердің 7 тармағында анықталған шарттардың кез келгенін орындамауды Биржа анықтаған жағдайда, Биржа Басқармасы осы атаудағы бағалы қағаздарды Биржада айналысқа жіберілгендер санынан алып тастау туралы қабылдауға құқылы.
16. Бейлистингілік бағалы қағаздардың Биржадағы айналысы барысында, Биржа қолында бар ақпараттарды пайдалана отырып (соның ішінде мемлекеттік органдардың Биржаға қолжетімді ақпараты), осы Ережелердің 7 тармағында анықталған шарттарды орындауды бақылайды, бірақ осы шарттардың анықталмаған орындамауларына және осындай орындамаушылықтан туындайтын салдарға жауапты болмайды.
17. Биржа Басқармасы, осы Ережелердің 11-16 тармақтарынан туындайтын, процедураларды жүзеге асыру бойынша өз құрылымдық бөлімшелерінің және қыметкерлерінің әрекеттер жасау тәртібін дербес түрде анықтайды.

Президент

М.Р.Қабашев